Педагогтерді жұмысқа тағайындау туралы конкурс комиссиясының отырысы

№2 ХАТТАМА

Астана қаласы, №28 мектеп-лицейі
04.12.2025 ж.
Конкурс комиссиясының төрағасы: М. Т. Есбаева
Конкурс комиссиясының хатшысы: Л. А. Бержицкая
КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бастауыш және математика пәні мұғалімдері лауазымына орналасу бойынша конкурс өткізу.
2. Шешім қабылдау.

1. Тыңдалды:

Комиссия төрағасы М.Т.Есбаева

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығымен конкурстық негізде жүзеге асырылады.
Конкурс өткізу тәртібі бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- 2025 жылғы 24 қарашада мектептің ресми сайтында және nobd.hr сайтында конкурс туралы хабарландыру жарияланды;
- мектеп бұйрығымен конкурс өткізу мерзімі 24 қарашадан 3 желтоқсан аралығына белгіленді;
- конкурс комиссиясының құрамы бекітілді;
- үміткерлер қажетті құжаттарды педагогтерді жұмысқа қабылдауды жүзеге асыратын nobd.hr сайтына жүктеді.

Nobd.hr сайтына бастауыш сынып мұғалімі 24 үміткерден өтініш түскен. Комиссия құрамы әр үміткердің құжаттарын қарап, хабарласу барысында 24 үміткердің жоғары балл жинаған үміткерлерімен хабарласу барысында 70 ұпай жинаған бастауыш сынып мұғалімі бойынша Мухамбетова Мейраш Алибековна, 49,5 ұпай жинаған Төленова Манар Әнуарбекқызы, 48 ұпай жинаған Тагаева Мохинур Азизовна тілдесуге шықырылды және 50,5 ұпай жинаған Карабатырова Каламкас Курманалиевнаға хабарласа алмағандықтан үміткер тілдесуден бас тартты деп есептелді, 70 ұпай жинаған Мухамбетова Мейраш Алибековна жұмыс жасаудан бас тартты. Математика пәні мұғаліміне 1 үміткерден өтініш түсті, бірақ құжаттарды тексеру барысында педагогтің құжаттары дұрыс емес екендігі анықталды.

Шешім:

1. 49,5 ұпай жинаған Төленова Манар Әнуарбекқызы бастауыш сынып пәні мұғалімі ретінде жұмысқа қабылдауға ұсынылды.
2. Математика пәні мұғалімі бойынша вакансия қайта жариялануға ұсынылды.

Комиссия төрайымы М. Т. Есбаева

Хатшы Л. А. Бержицкая